

Келісінді:
ДТЖО



Г.Ж.Абишева

Бекітемін:

Мектеп директорының М.а

Д.К.Калиева



**«Ақмола облысы білім басқармасының Бурабай ауданы бойынша білім
бөлімі Есмағамбет Исмаилов атындағы
Мәдениет ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» ҚММ**

Мектеп кітапханасының жылдық жұмыс жоспары

2024-2025 оқу жылы

Кітапханашы: А.И.Бейсембаева

Кітапхана жұмысының негізгі мақсаты

Мектеп кітапханасы- мектептің бір бөлімі, сондықтан жылдық жоспардың басым бөлігі-оқу тәрбие жоспарына негізделеді. Кітапхана жұмысының қажеттілігі мен ерекшілігі, ол мектеп ұжымының барлық оқу жүйесіне қатысушыларына оқу бағдарламасының түрлерін, жана кітаптарды және басқа да ақпараттық материалдарды ұсынады. Қазіргі оқыту технологиялары арқылы әр түрлі кітапханалық іс шараларды өткізу негізінде оқушылардың кітап оқу қызметін қалыптастыра отырып, тілдерін дамыту арқылы білім сапасын арттыруға көмектесу. Кітап өз оқырманын жан-жақты тәрбиелеумен бірге танымдық білімдік қасиетін дамытатын анық. Президент ұсынған «Оқуға құштар мектеп» жобасын ұйымдастыру арқылы оқырмандармен жұмыс жасау. Көркем әдебиеттермен кітап қорын толықтыру. Жана кітаптарға, мерзімді басылымдарға тұрақты ақпарат күндерін өткізу.

Кітапхана жұмысының міндеттері

1. Кітапхана өз қызметінде Қазақстан Республика үкіметінің кітапхана ісінің мәселелері жөніндегі шешімдерін, Білім министрінің бұйрықтарын және осы жоспарды басшылыққа алады.
2. Кітапхана өз жұмысын педагогикалық ұйыммен бірлесіп атқарады.
3. Оқырмандарға тез және сапалы қызмет көрсету.
4. Қарыз кітапқа немқұрайлы қарайтын оқырмандармен жұмыс жүргізу.
5. Оқулықтарды тексеру бойынша рейд жүргізу.
6. Кітап қорының жинақталуын, есепке алынудың, орналастырып сақталуын ұйымдастыру.
7. Кітапхананы қазіргі талапқа сай безендіріп, оқырмандармен белгіленген жоспар бойынша әдеби кеш, конференция дөңгелек үстел, ақын-жазушылардың шығармашылық кештерін өткізу.
8. Кітаппен өз бетінше жұмыс істеу жолдарын меңгерту, кітап арқылы ой-өрістерін, рухани жан дүниесін кеңейту, білімді парасатты азамат етіп тәрбиелеу.

№	Жұмыс мазмұны	Орындау мерзімі
Оқу әдебиеті қорымен жұмыс жоспары		
1	2024-2025 оқу жылына арналған оқушылардың оқулықтармен және оқу құралдармен қамтылуына диагностика	Тамыз-қыркүйек
2	Оқулықтарды қабылдау және оқушыларға беру. Оқу бағдарламасына сәйкес толық көлемде оқулық беруді қамтамасыз ету.	Тамыз
3	Қор жылжуына қорытынды жүргізу.	Желтоқсан
4	Түскен оқулықтарды қабылдау және өңдеу: жүкқұжаттарын ресімдеу, оларды бухгалтерияға өткізу, жиынтық есепке алу кітабына (бұдан әрі – ЖЕК) жазу, мөртаңба қою. Түсу деңгейіне	Жыл бойы

карай, Картоотеканы ресімдеу .

- 5 Оқу бағдарламаларының ескіруі мен ауысуын ескере отырып, оқулық қорын есептен шығару.
- 6 Сыныптар бойынша оқулықтар, ведомостер беру журналын жүргізу .
- 7 Оқулықтарды тексеру. Рейд жүргізу

Көркем әдебиет қорымен жұмыс

- 1 Кітапхана қорын есепке алу. 5 жылда 1 рет түгендеу Түгендеуді қорытындылау. Бухгалтерияның материалдық бөлімінде кітапхана қорын тексеру туралы актіні ресімдеу.
- 2 Кітапхана оқырмандарының ақпаратқа еркін қолжетімділігін қамтамасыз ету.
- 3 Қорды сақтау бойынша жұмыс: оқырманның келтірілген залалды бекітілген тәртіпте өтеуі бойынша шараларды қамтамасыз ету; борышкерлердің тізімін жасау; кітапхана қорын жүйелі сақтау мен физикалық сақталуы бойынша тиісті режимді қамтамасыз ету
- 4 Ескі көркем әдебиет пен рухани тұрғыдан ескірген әдебиетті есептен шығару.

Оқырмандармен жеке жұмыс

- 1 Оқырмандар формуларымен танысу және талдау.
- 2 Кітапханаға түскен жаңа кітаптар, энциклопедиялар, ертегі кітаптар туралы ұсынымдық және жарнамалық әңгімелесулер. Түсу деңгейіне қарай
- 3 «Сенін сүйікті шығарман » тақырыбы бойынша оқушыларға сауалнама жүргізу.
- 4 Абонемент пен оқырмандар залында оқырмандарға қызмет көрсету: оқушылар, педагогтар, техникалық персонал, ата аналар .

Өтінімдер бойынша Оқушылармен жұмыс

- 1 Кітапхананың жұмыс кестесіне сәйкес оқушыларға қызмет көрсету.
- 2 Әр оқырманның жас ерекшеліктеріне сәйкес көркем әдебиет ұсыну .
- 3 Борышкерлерді анықтау мақсатында оқырмандар формуларын қарау, (нәтижелерін сынып жетекшілеріне хабарлау) Жарты жылда 1 рет 3 Жаңадан жазылған оқырмандармен кітап оқу мәдениеті туралы әңгімелесулер өткізу. Кітапқа немесе оқулыққа келтірілген залал үшін жауаптылық туралы айту.

Жылына 1 рет
Мамыр, қыркүйек
Токсан сайын

Жыл бойы

Үнемі жыл бойы
Үнемі жыл бойы

Жылына бір рет

Жыл бойы
Жыл бойы

Қаңтар–ақпан
Үнемі

Үнемі
Үнемі
Үнемі

Мектеп кітапханасында аткарылатын іс-шаралар

№	Аткарылатын іс шаралар	Максаты	Орындалу мерзімі	Сынып	Өткізгілу түрі	Жауапты
1	«Кітап-білім бұлағы»	Оқушыларды оқулықпен қамтамасыз ету	Тамыз	1-11	Оқулық тарату	Кітапханашы
2	«Менің сүйікті кітабым	Оқырмандардың әдеби кітапқа құштарлығын арттыру. Болашаққа өз үлесін қоса білетін ізденімпаз ұрпақ, оқыған кітаптарын талдай отырып, рухани-тәлім тәрбиелеу, кітап оқуға баулу.	Жыл бойы	1-4 сыныптар	Оқырмандар арасында кітап оқу сайысы	Кітапханашы
3	«Кітапханаға саяхат»	Білімнің кілті кітап арқылы берілетінін ұғындыру, кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру; Оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру; Кітапты сүюге, оны күтіп, таза ұстауға тәрбиелеу.	Қыркүйек	1-сынып	Саяхат	Кітапханашы
4	22-қыркүйек Тілдер күніне орай «Тілім менің тірегім» Ахмет Байтұрсыновтың шығармаларына шолу	Оқушыларға ана тілін білудің маңызы жайлы айту, ана тілін үйрету; Ақын өмірі мен шығармаларын таныстыру	Қыркүйек	6-11 сынып	Көрме	Кітапханашы
5	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Бейімбет Майлин туғанына 130 жыл	жазушының өмірі мен шығармаларын таныстыру	Қараша	5-7 сынып	Кітап көрме	Кітапханашы
6	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Алаштың ардақтысы Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл	Көрнекті мемлекет қайраткері, ақын, жазушы, драматург, халық композиторы Сәкен Сейфуллиннің өмірімен, шығармаларымен таныстыру	Қараша	6-7 сынып	Сынып сағаты	Кітапханашы
7	Республика күні	25-қазан Республика күні	қазан	5-6 сынып	Көрме	Сынып жетекшісі
						Кітапханашы

8	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында бастауыш сынып оқушыларына Ертегілер еліне саяхат	оқушыларды ертегі оқуға баулу арқылы олардың ой өрісінің кеңуіне ықпал ету, қиялдау мәнерлеп сөйлеуге баулу, шығармашылық қабілетін дамыту.	Қазан	1-4 сыныптар	Кітап оқу	Кітапханашы
9	«Рәміздерім-мактанышым» кітап көрмесі	оқырмандарды тәуелсіз елінің рәміздерін жетік білуге, әрі құрметтеуге және толықтай мәліметпен қанағаттандыру.	Қазан	1-4 сыныптар	Көрме	Кітапханашы
10	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Мен және менің отбасым» кандай кітап оқиды?	Оқырмандарды отбасымен кітап оқуға шақыру. Оқушыларды жас кезінен отбасымен кітап оқуға дағдыландыру. Кітапхана мен отбасы арасындағы тұрақты қарым-қатынасты қалыптастыру.	Қараша	1-4 сыныптар	Отбасылық оқу дәстүрі	Кітапханашы Сынып жетекшісі
11	Бәріміз кітап оқимыз	Оқуға құштар мектеп жобасын іске асыру бағытында оқу.	Қараша	2-4 сыныптар	Көрме	Кітапханашы
12	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Рақымжан Қошқарбаевтың туғанына 100 жыл	өмірі мен шығармаларын таныстыру	Қараша	5-11 сыныптар	Көрме,	Кітапханашы Сынып жетекшісі
13	Оқулық тексеру рейді	Оқулықтарын тексеру, таза ұстауға шақыру	Токсан сайын	1-11 сыныптар	Рейд жүргізу	Кітапханашы
14	16-желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні «Тәуелсіздік жетістіктері» атты кітап көрмесі	Ұлы Дала тарихынан бастап, Тәуелсіздік алғаннан кейінгі Қазақстанның дербес мемлекет ретінде қалыптасу тарихына шолу жасау	Желтоқсан	7-8 сыныптар	Көрме	Кітапханашы
15	«Махамбет Өтемісовтың туғанына 220 жыл	Акын, қолбасшы өмірі мен шығармаларын таныстыру	Желтоқсан	5-6 сыныптар	көрме	Кітапханашы Сынып жетекшісі
16	«Желтоқсан жаңғырығы» Желтоқсан оқиғасына орай кітап көрмесі	Желтоқсан оқиғасымен таныстыру	Желтоқсан	11-сынып	Кітап көрмесі, слайд	Кітапханашы Сынып жетекшісі
17	«Садауатты өмір-көтеріңкі	балаларды зиянды әдеттерден	Желтоқсан	5-7	Интеллектуал	Кітапханашы

	көңіл»	сақтандыру, салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағыттау.	н	сыныптар	ды сайыс	сынып жетекші
18	«Қалын қалай оқулық?»	Оқулықтарды таза ұстауға шақыру	Қантар	1-11 сыныптар	Рейд жүргізу	Кітапханашы
19	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Жыр алыбы Жамбыл» танымдық сабак	Жыр алыбы Жамбылдың ақындық талантын шәкірт жүрегіне ұялату арқылы поэзияны сүю, оны бағалай білуге ұғындыру. Оқушылардың сөйлеу мәдениетін дамыту, сөз өнерін қадірлеп, кастерлей білуге дағдыландыру, ақын өлеңдерін, поэзиясын сүйе білуге үйрету	Қантар	8-9 сыныптар	Көрме, ашық сабак	Кітапханашы Сынып жетекші
20	«Тұманбай Молдағалиевтің 90 жыл»	Өмір жолы, еңбегі және шығармаларымен таныстыру	Қантар	6-8 сыныптар	Кітап көрмесі	Кітапханашы
21	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Бір сынып-бір кітап» «Бауырсақ» ертегісіне көрініс	Балаларға ертегілер туралы түсінік беру. Балалардың сөздік қорын, байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру. Балаларға жағымды, жағымсыз қасиеттерді айыра білуді үйрету.	Қантар	3-сынып	Қойылым	Кітапханашы Сынып жетекші
22	«Оқуға құштарлықты қалай арттыруға болады»	Оқушының ой-өрісін дамыту, іздендіру, мәдениеттілікке тәрбиелеу.	Ақпан	9-11 сыныпта	Дебат	Кітапханашы
23	Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылданғанына 30 жыл	Заман мен заман	тамыз	1-11 сыныпта	көрме	мұғалімі Кітапханашы
24	«Отты жылдар жанғырығы» Ауған ардагерлеріне арналады.	Жеңістің маңызын түсіндіру арқылы Отанға деген сүйіспеншілік сезіміне, патриоттыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу, өз елінің тарихына қызығушылығын арттыру.	Ақпан	5-6 сыныптар	Тарихқа шоу, кітап көрмесі	Кітапханашы аға тәлімгер
25	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кітап	Білімділік танымын, шығармашылық қабілетін, тілдік қорын, ізденістерін	Ақпан	2-4 сыныптар	Оқу сағаты	Кітапханашы Сынып жетекші

	оқимыз	арттыру				
26	1- Наурыз «Алғыс айту» күні «Алғыс білдіру ен асыл сөз»	балалардың «сыйластық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту, әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу.	Наурыз	2-4 сыныптар	Кітап көрмесі	Кітапханашы аға тәлімгер
27	«Сынар ем, ана деген тәңірге» 8-наурыз аналар мерекесі	Ана жайлы тамаша сөздер, өлеңдер, әндер арқылы ардагер, ұстаз-аналар мен аруларды мерекемен құттықтау, оқушыларды мейірімділікке, ұстамдылыққа тәрбиелеу, ұстазға ата-анаға деген құрмет сыйын арттыру, ана еңбегін қадірлей білуге үйрету.	Наурыз	1-11 сынып	Кітап көрмесі	Кітапханашы Аға тәлімгер Сынып жетекшілер
28	«Қош келдің, 83 наурыз!»	Наурыз мейрамы туралы түсінік беру арқылы Қазақ халқының салт – дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу.	Наурыз	1-11 сынып	Кітап көрмесі	Кітапханашы Сынып жетекшілер
29	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Абайдың кара сөзі- тәрбие көзі»	Абай кара сөздерінің тәрбиелік мәнін түсіну, адамгершілік тәрбие берудегі ақынның философиялық шолуларының маңызын түсінуге үйрету, жиырма тоғызыншы кара сөзінің мазмұнын меңгерту.	Наурыз	5-9 сыныптар	Тәрбие сағаты	Кітапханашы Сынып жетекші
30	«Қалың қалай оқулық?»	Жыл соңында оқулықтарды тексеру	Сәуір	1-11 сыныптар	Рейд жүргізу	Кітапханашы
31	2-сәуір Халықаралық балалар кітабы күні ата-аналармен бірге дөңгелек үстел	Кітап – сарқылмас рухани казына дей келе, білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру. Кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру. Ата-аналар арасында балаларға кітап оқудың қажеттілігін насихаттау.	Сәуір	5-9 сыныптар	Кітап көрмесі, дөңгелек үстел	Кітапханашы
32	«Ғарышқа түрен салған қыран казак» Токтар	Ғарыш әлеміне деген қызығушылығын қалыптастырып, ғарышкерлерге деген	Сәуір	7-8 сыныптар	Кітап көрмесі	Кітапханашы

	Дубәкіров туралы мәліметтер	күрмет сезімін арттыру.				
33	«Оқуға күштар мектеп» жобасы аясында Қ. Сәтбаев туғанына 125 жыл	Қ.Сәтбаевтың өмірбаянымен таныстыру, білімі, ғылыми еңбектері, қоғамдық жұмысы туралы мәлімет беру. Адамгершілік қасиеттерге ие жан-жақты дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеу.	Сәуір	5-6 сыныптар	Ашық сабақ	Кітапханашы Сынып жетекші
34	1-мамыр Қазақстан халқының бірлігі мерекесіне орай «Қазақстан достық мекені»	Оқырмандарға көпұлтты Қазақстан Республикасының халықтар достығы – еліміздің бірлігінің кепілдігі екендігін таныту.	Мамыр	8-9 сыныптар	Кітап көрмесі	Кітапханашы
35	7-Отан қорғаушылар күніне орай «Ер жігіт ел қорғаны»	Ұлы Отан соғысы, оның зардаптары, Ұлы Жеңістің мән-маңызы туралы мағлұмат беру. Отан үшін жан қиған аталар мен апалардың, қазіргі таңда арамызда жүрген ардагерлеріміздің ерліктерін үлгі ете отырып, оларды құрметтеуге тәрбиелеу; отансүйгіштікке, елжандылыққа, батылдыққа, шынышылдыққа баулу.	Мамыр	7-11 сынып	Кітап көрмесі	Кітапханашы аға тәлімгер сынып жетекші
36	9-Жеңіс күніне орай «Бейбіт күн жасасын әлемде»	Балаларды адамгершілікке, Отанын сүюге, оны қорғауға баулу. Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, оларға патриоттық тәрбие бере отырып, өз елін, жерін қастерлейтін саналы да парасатты елжанды-ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеу.	Мамыр	6-8 сыныптар	Кітап көрмесі	Кітапханашы
37	«Оқуға күштар аясында І.Жансүгіровтың туғанына 130 жыл	Ақынның өмірі, шығармашылығымен таныстыру, ақынның поэзия күдіреті мен әндерін таныту. Ақын өлеңдері арқылы оқушылардың Отанға,	Мамыр	2-4 5-7 сыныптар	Кітап көрмесі	Кітапханашы Сынып жетекші

		халқына, тілге деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту, отаншылдыққа тәрбиелеу.				
38	«Кітап-асыл казына	Қай мамандық ұнайды	Мамыр	11 сынып	Әдістемелік көмек	Кітапханашы Сынып жетекші
39	Кітап арқылы білім ал	Кітаптап арқылы қосымша ақпарат алу	Ай сайын	11 сынып	әңгімелесу	кітапханашы
40	«Кітап –білімнің қайнар көзі»	Оқулықтармен жұмыс	мамыр	1-11 сыныптар	Оқулықтарды жинау	Кітапханашы
41	Әжемінің ертегілері	Сүйікті кітаптар	маусым	1-4сынып	Жаздакітаппе н болу	кітапханашы

Кітапханашы

Б.Р.

А.И.Бейсембаева